Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын **«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесі**, Ереже негізінде әрекет ететін бастықтың міндетін уақытша атқарушы **Ермагамбетов Дамир Максутович** атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын **«SHATYR GROUP KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**, Жарғы негізінде әрекет ететін директор **Рустамов Рустам Абдулгалимович** атынан екінші тараптан, «Тараптар» деп аталатындар, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының (бұдан әрі – Заң) 16-бабы 3-тармағы 3-тармақшасына, сондай-ақ, «Алматы қаласы Медеу ауданында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» Алматы қаласы Медеу аданы әкімінің 2025 жылғы 9 қыркүйектегі № 2 шешіміне, «Алматы қаласы Наурызбай ауданында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» Алматы қаласы Наурызбай аданы әкімінің 2025 жылғы 9 қыркүйектегі № 168 шешіміне, «Алматы қаласы Түріксіб ауданының аумағындағы Объектлік ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы» Алматы қаласы Түріксіб ауданы әкімінің 2025 жылғы 12 қыркүйектегі № 2 шешіміне, «Алматы қаласы Бостандық ауданының аумағындағы жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы» Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімінің 2025 жылғы 2 қазандағы № 189 шешіміне сәйкес «Бір көзден тікелей шарт жасасу» тәсілімен осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегі туралы келісімге келді:

1. Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді:

005-015-413 ерекшелігі бойынша **«Toyota Hilux жедел әрекет ету көлігін сатып алу»**

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

1) осы Шарт;

2) сатып алынатын тауарлар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);

3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2. Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және **102 000 000,00** (жүз екі миллион) теңгені 00 тиынды құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС **10 928 571,43** (он миллион тоғыз жүз жиырма сегіз мың бес жүз жетпіс бір) теңгені 43 тиынды (бұдан әрі – Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Қазынашылықтың аумақтық органында Шарт **387** Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы әкімшілік код бойынша, **005** Республикалық маңызы бар қаланың, астананың ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою бюджеттік бағдарламасы, **015** Жергілікті бюджет қаражаты есебінен кіші бағдарламасы, **413** Көлік құралдарын сатып алу ерекшелігі бойынша - **102 000 000,00** (жүз екі миллион) теңге 00 тиын, оның ішінде ҚҚС 2025 жылы тіркеуге жатады.

2.3 Шарт күшіне енгеннен кейін, Тапсырыс беруші Өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді және (немесе) Заңның 13-бабына сәйкес соманы енгізгеннен кейін, Шартқа 1-қосымшаға сәйкес мөлшерде аванстық төлем жүргізеді. Қалған соманы Тапсырыс беруші бұрын төленген авансты барабар ұстау ескеріле отырып, көрсетілген

қызмет актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы төлейді.

Егер Өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінде болса, Тапсырыс беруші шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ағымдағы қаржы жылына арналған шарт сомасының 50 (елу) пайыз мөлшерінде аванстық төлем жүргізеді.

Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді.

Егер өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген болса, тауарларды жеткізу үшін толық ақы төлеу мерзімі осы шарт бойынша міндеттемелерді орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспауға тиіс.

2.4 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.5 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

1) аумақтық қазынашылық органында тіркелген Шарт;

2) жүкқұжат

3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);

4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық туралы есеп;

5) жеткізілген тауарлардың санын, бірлік бағасы мен жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған электрондық шот-фактура.

3. Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы шарт сомасының 3 060 000,00 (үш миллион алпыс мың) теңгеге тең 00 тиын және Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарттың мәні бойынша көзделген аванс мөлшеріне тең 30 600 000,00 (отыз миллион алты жүз мың) теңге 00 тиын мөлшерінде енгізілсін:

әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 45-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша электрондық құжат түріндегі өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін.

Осы тармақшаның талаптары қазақстандық тауар өндірушілер тізіліміндегі өнім берушілерге қолданылмайды;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет.

Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар

ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) Тапсырыс берушіге тауарларды қабылдап алу-беру актісін, сондай-ақ сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 52-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) тауарды қабылдап алу кезінде Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 584-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4. Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 5 жұмыс күні ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында

жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5. Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

3) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты;

4) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер қазақстанда шығарылған жеткізілетін тауарлардың көлемі екі және одан да көп бірлікті құраса, онда Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға сәйкес жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген тиісті Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.

5.2 Немесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы

сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінараттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

6. Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тапсырыс беруші тауарды қабылдау-беру актісін алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы Шарт бойынша актідегі ақпаратты толтырады және оған қол қояды не дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, тауарды қабылдаудан бас тартад.

Тапсырыс беруші жеткізілген тауарды қосымша зерделеу қажет болған кезде хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген іс-қимылдарды орындайды, бұл туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей өнім берушіге хабарлайды.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезеңі техникалық ерекшелікте көрсетілген (шартқа 2-қосымша) белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс.

Егер Өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімінде болса, онда тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 3 (үш) пайыздан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші тауарды жеткізуден бас тартқан жағдайда, немесе шарт бойынша тауарды жеткізу мерзімі өткен күннен бастап бір айдан астам мерзімге тауарды жеткізуді кешіктірген, бірақ шарттың қолданылу мерзімінен кешіктірмей, Тапсырыс берушінің осы Шартты өнім берушіден

мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, біржақты тәртіппен бұзуға құқығы бар.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді (егер шартта аванс көзделген болса), сондай-ақ Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты бұзылған жағдайда, Заңның 13-бабына сәйкес Өнім беруші енгізген соманы (бар болса) қайтармайды.

8. Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күшіне енеді және 2025-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) Өнім беруші жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда;

2) Өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда;

3) тапсырыс беруші немесе заңды тұлға болып табылатын өнім беруші таратылған не банкрот болған не жеке тұлға болып табылатын өнім беруші қайтыс болған жағдайда;

4) өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін қажетті құқық қабілеттілігін жоғалтқан, өнім беруші қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) жағдайда;

5) шарт жасасуға негіз болған сатып алуға қатысты осы Заңның 7-бабында көзделген шектеулердің бұзылуы анықталған жағдайда;

6) ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының осы Заңда көзделмеген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде өнім берушіге жәрдем көрсетуі анықталған жағдайда;

7) осы орынсыздықтың себептерін егжей-тегжейлі негіздей отырып, шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда;

8) өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін өз міндеттемелерін орындаған жағдайды қоспағанда, өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты, демпингке қарсы соманы қамтамасыз етуді) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген мерзімдерде енгізбеген жағдайда;

9) орындалуы шартты бұзуды талап ететін заңды күшіне енген сот актісі бойынша. Шарт жасасудан жалтару жағдайында кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін.

9. Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10. Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11. Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

12.1 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар қандай да бір заңсыз артықшылықтар немесе өзге де заңсыз мақсаттар алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды тікелей немесе жанама түрде кез келген тұлғаларға төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.12.1 Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар пара беру/алу, коммерциялық пара беру сияқты осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

12.3 Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа тараптың өкілдерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке салатын және осы қызметкердің оны ынталандыратын пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

12.4 Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

12.5 Жазбаша хабарламада Тарап пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру, сондай-ақ қолданылатын заңнама мен халықаралық талаптарды бұзатын іс-әрекеттер ретінде қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде көрініс табатын, контрагенттің осы шарттардың қандай да

бір ережелерін бұзғаны болғанын немесе орын алуы мүмкін екенін растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды беруге міндетті Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы актілер.

12.6 Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен Іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тараптарды тарту тәуекелдерін болғызбау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13. Өзге де шарттар

13.1 Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

13.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

13.3 Заңның 18-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда, өнім берушіні таңдауға негіз болған сапаның және басқа да талаптардың өзгермеуі жағдайында жасалған шартқа өзгерістер енгізуге жол беріледі.

Бұл ретте, егер Өнім беруші қазақстандық тауар өндірушілердің тізіліміне енгізілген болса, Шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарды шетелдік шығарылған тауарлармен ауыстыруға жол берілмейді.

13.4 Тараптардың бірінің міндеттерін шарт бойынша беруге қайта ұйымдастырылған жағдайда құқықтық мирасқорлықты қоспағанда жол берілмейді.

13.5 Шарт бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілдерінде жасалды.

13.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13.7 Ескертпе: Тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген міндеттемелерді орындау бойынша өнім берушіге қойылатын талаптарды және (немесе) шарттарды белгілеуіне жол берілмейді.

14. Тараптардың деректемелері

Тапсырыс беруші: **«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесі** Адрес: Алматы қ., Бостандық ауданы, Байзақов к-сі, 300 БСН 960740000618 БСК KKMFKZ2A ЖСК KZ92070101KSN0000000 «ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті» РММ Тел.: 8(7272)79-92-45	**Өнім беруші:** **«SHATYR GROUP KZ» ЖШС** Заң.адрес: СҚО , Петропавл қ., Н. Назарбаев көш., 136 үй Факт. адрес: ҚР, Астана қ., Түркістан көш., 16 үй, 465, 2101 каб, 21 этаж БСН 130540005976 ЖСК KZ9694805KZT22035743 «Евразийский банк» АҚ БСК EURIKZKA Кбе 17
Бастықтың міндетін уақытша атқарушы _____ **Д.М. Ермагамбетов**	**Директор** _____ **Р.А. Рустамов**

2025 жылғы « » қазандағы
№ Шартқа

1 Қосымша

Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

№ р/с	Тауардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, теңге	Жалпы бағасы, соның ішінде ҚҚС, теңге	Жеткізу шарттары	Жеткізу уақыты
1.	Toyota Hilux жедел әрекет ету көлігін сатып алу	дана	1	102 000 000,00	102 000 000,00	DDP	Техникалық сипаттамаға сәйкес
	БАРЛЫҒЫ				**102 000 000,00**		

Бастықтың міндетін уақытша атқарушы **Директор**

_____ Д.М. Ермагамбетов **_____ Р.А. Рустамов**

2025 жылғы «21» қазандағы
№16/Шартқа
2 Қосымша

Жедел әрекет ету автокөлігіне (ЖӘА)
техникалық сипаттама

ЖӘА жеке құрамды және авариялық-құтқару жабдықтары мен құралдарын ТЖ орнына жеткізуге, сондай-ақ өрт болған жерде бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыруға және жүргізуге арналған.

Негізгі шассидің сипаттамалары:

Жасалған жылы; бұрын емес	2025 ж.
Доңғалақ формуласы кем емес	4х4
Жетек түрі	толық
Дене түрі	алып кету
Экологиялық сынып	Еуро-5-тен кем емес
Қозғалтқыштың көлемі кемінде	2,7 литр, бензин
Қозғалтқыштың қуаты Артық емес	166 а. к.
Жүргізушіні қоса алғанда, жауынгерлік есептеу орындарының саны	кемінде 5
Ұзындығы кемінде	5300 мм
Ені кемінде	1800 мм
Биіктігі кемінде	1800 мм
Орындар саны, кем емес	5
Автомобильде жүйелердің болуы:	құлыпқа қарсы тежегіш жүйесі

АСМ электр жабдығы: арнайы дыбыстық сигналдарды беруді; жауынгерлік есептеу кабинасын жарықтандыруды; қондырма бөліктерін жарықтандыруды (бөлім есіктерін ашу кезінде автоматты түрде қосылатын және мәжбүрлеп өшіру мүмкіндігі бар); жұмыс аймақтарын жарықтандыруды қамтамасыз етеді. Кабинадағы АБЖ-де: қосымша қосқыштар (бөлімдердегі жарықтандыруды қосу - өшіру, оң/сол жақтағы сыртқы жарықтандыруды қосу - өшіру, ДЗҚ.

1. Көлік құралының сыртқы беттерін жабудың негізгі түсінің атауы "Қызыл". Арнайы дыбыс және жарық дабылының басқару органдары жүргізуші немесе бөлімше командирі оларды шұғыл қосуға ыңғайлы аймақта орналасқан.
2. Сандық Радиостанция (DMR) мобильді VHF диапазоны, жүргізуші кабинасына орнатылған (1 жиынтық).
3. Бейнетіркегіш – 1жинақ.
4. Монитор-автомобильдің артқы жағына орнатылған артқы көрініс камералары-кемінде 1 жиынтық.
5. Автоматты қосулы дабылы.
6. Әкетілетін жабдықтар мен жабдықтарға арналған бекіткіштер ТЖ-ға ден қою кезінде қосымша құралдарсыз және күш-жігерсіз жедел қолдануға мүмкіндік беретін берік, тозуға төзімді материалдардан жасалған. Жабдықтар мен жабдықтарды бекіту оның қозғалыс кезінде өздігінен қозғалу мүмкіндігін болдырмайды.
7. Шығыр.
8. Шноркель.
9. Тарту-тіркеу құрылғысы.
10. Салонға арналған резеңке төсеніштер.

Өрт қондырмасының техникалық сипаттамалары:

Автомобиль 2 мм қалыңдықтағы ыстықтай иленген болаттан жасалған, мырыш құрамды ґрунтпен қапталып, көлік түсіне сай автоэмальмен боялған кузовтық қондырғы (кунг) орнатылады.

«Қондырғыда» орналасқан жабдықтарға қол жеткізу үшін, қондырғы 2 бүйірлік есікпен жабдықталуы тиіс. Бұл есіктер газ серіппелерімен, резеңке тығыздағыштармен және қозғалыс кезінде өздігінен ашылып кетуден сақтайтын, жабу мен ашуды қамтамасыз ететін құлыптармен жабдықталуы қажет. Бүйірлік есіктер қондырғының екі бүйірінде орналасады.

Қондырғыда қосымша тежеу сигналы, әр ашылатын есікте есік ашылғанда жанатын ішкі жарық орнатылуы тиіс.

Қосымша құтқару жабдықтарын орналастыру үшін қондырғыда 1.5 мм қалыңдықтағы суықтай иленген болаттан жасалған, артқы есіктерді өзара біріктіретін көлденең рундук орнатылуы тиіс. Бұл рундук қосымша жабдықтарды орналастыруға арналған орын қалыптастырады. Рундуктің алдыңғы қабырғасында шағын көлемді қосымша жабдықтарды бекітуге мүмкіндік беретін перфорациялар болуы тиіс.

Қондырғы көліктің шасси бортына қатысты жылжуын болдырмау үшін 4–6 қысқыш арқылы бекітілуі тиіс.

Қондырғының техникалық сипаттамалары оның үстіне жүк көтергіштігі 200 кг-ға дейінгі жүк салатын платформа/багажник орнатуға мүмкіндік беруі тиіс.

Қондырғының артқы бөлігінде кемінде екі есік орнатылуы тиіс: 1-ші есік — шасси кузовының зауыттық есігі (төменге ашылатын артқы борт), ашылғанда жерге параллель тұратын алаңша түзеді. 2-ші есік — бұл борттан тәуелсіз ашылады.

Моторлы ультра жоғары **қысымды** өрт **сөндіру жүйесі**

Rosenbauer UHPS Skid – модуль құрамындағы өте жоғары қысымды өрт сөндіру жүйесі. Модуль жылжымалы тартылатын табандарға орнатылуы тиіс. Модуль келесі құрамдас бөліктерден тұруы керек: қозғалтқыш, жоғары қысымды помпа, көбік түзетін затқа арналған ыдыс, оқпанды құрылғы, жоғары қысымды шлангқа арналған катушка, саптамасы бар оқпан.

Өрт сөндіру агенті – зат ретінде су қолданылады, ол 100 бар қысыммен ұсақ су тұманы түрінде шашыратылады. Су-көбікті қоспа көбік түзетін құрамды мөлшерлеу арқылы беріледі.

Көбікті қалыптастыру – ауа сығылған көбікке ұқсас, қосымша саптама қолдану арқылы жүзеге асады.

Жүйені басқару – тұтандыру кілті арқылы жедел іске қосу. Қысымды және шығынды реттеудің қажеті жоқ, себебі алдын ала орнатылған тұрақты параметрлер бар. Су ыдысын толтыру және босату мүмкіндігі болуы керек, сонымен қатар көбік дозалауын басқару панеліндегі тұтқалар арқылы үздіксіз реттеу қамтамасыз етілуі тиіс.

Өртті сөндіру нәтижелері – оператор оқпан арқылы көре алатындай, жабысқақ қасиеті жоғары ақ көбік түрінде көрінуі тиіс. Көбіктің булануы – беттердің әлі де тым ыстық екенін көрсететін индикатор.

Габариттік өлшемдері – Е х Т х Б: 784 х 481 х 640 мм аспауы тиіс (отын бағы мен көбік канистрасы толтырылған базалық модуль).

Массасы – 136 кг аспауы тиіс (отын бағы мен көбік канистрасы толтырылған базалық модуль).

Қозғалтқыш сипаттамалары: Briggs&Stratton маркалы V2-цилиндрлі, 4 тактілі, бензинді, көлемі 480 см³ аспайтын, қуаты кемінде 11,8 кВт. Қозғалтқышты салқындату – желдеткіш арқылы ауа салқындату. Қозғалтқыш моделі зауыт өндірушіге байланысты өзгеруі мүмкін.

DIN 1457 стандартына сәйкес шығатын түтік болуы керек: диаметрі кемінде 50 мм, ұзындығы кемінде 1500 мм, массасы 3 кг аспауы тиіс.

Электрлік стартер және қолмен іске қосатын тросты стартер болуы тиіс.

Өте жоғары қысымды насос – 3 цилиндрлі поршеньді насос. Қысым – 100 бар және одан жоғары.

Көбікті мөлшерлеу – механикалық түрде жүзеге асады.

Көбіктүзгішке арналған ыдыс – сыйымдылығы 20 литрлік кіріктірілген пластик канистра.

Көбіктің концентрациясын дозалау – тұтқа арқылы үздіксіз реттелуі тиіс, 0%-дан 6%-ға дейін.

Қолданылатын көбіктүзгіштің тұтқырлығы – 80 сСт дейін.

Ағын жылдамдығы – 100 барда кемінде 38 л/мин болуы тиіс.

Қолмен басқарылатын катушка – бұралмайтын жоғары қысымды шлангпен жабдықталған, диаметрі 12 мм аспауы тиіс, ұзындығы кемінде 60 м.

Жоғары қысымды шланг – жылдам қосылатын муфталармен жабдықталуы тиіс.

Оқпан – стандартты саптамамен, жылдам қосылатын жүйемен, орнатылатын көбік саптамасымен және кронштейнмен жабдықталуы тиіс.
Суға арналған резервуар – 300 литрден аспауы тиіс.
Муфта және тығыз қақпақ (комплект 1 дана) – су резервуарын толтыруға арналған.
Базалық модуль мен шланг катушкасына арналған көлденең жылжымалы платформа.
Қуат көзін зарядтауға арналған розетка.
Су деңгейін көрсететін электронды индикатор.

Өрт-техникалық қару-**жарақ (ПТВ)жиынтығы**:
1. Rosenbauer Poly Portex – су мен көбікке негізделген CAFS технологиясы бар, жоғары өнімділікке ие, портативті, жеке қолдануға арналған өрт сөндіру құрылғысы (арқалық қондырғы), саны – кемінде 3 дана.
Портативті арқалық CAFS жүйесі қолғаппен жұмыс істеуге толық бейімделуі тиіс және эргономикалық тұтқаларының арқасында бір немесе екі адаммен өрт көзіне оңай әрі тез жеткізілуі қажет. EN3-7 стандартына сәйкес болуы тиіс.
Жүйе толығымен энергиядан тәуелсіз болуы керек: сығылған ауасы бар баллон клапанын ашқаннан кейін және ағын құрылғысын іске қосқаннан кейін бірден қолдануға дайын болуы қажет. Электр жүйелері мен механикалық жетектердің болмауының арқасында техникалық қызмет көрсету оңай және құрылғы сенімді жұмыс істеуі тиіс. Жұмыс кезінде дыбыс пен шығатын газдардың болмауы шарт.
Өрт сөндірудегі тиімділік – максималды салқындату, оттегіні тиімді ығыстыру және жанған затқа терең сіңу арқылы жүзеге асады. Қайта тұтанудан жоғары деңгейде қорғаныс – оттегіні тоқтату және үнемі салқындату арқылы қамтамасыз етіледі. Ұшқындар мен жылу әсерінен қауіп төнген мүлікті алдын ала қорғау мүмкіндігін береді.
Өрт сөндіргіш затпен резервуарды толтыру – сыртқы жылдам қосылатын муфталар арқылы бақша шлангісін пайдалану және көбік түзетін затқа арналған бөлек картриджді арнайы шұңғылша арқылы толтыру арқылы жүзеге асады. Көбіктүзгіш көлемін арнайы өлшеуіш стакан арқылы оңай анықтауға болады, оның шкаласы су көлеміне сәйкес келеді.
Су резервуарында сыйымдылығы кемінде 350 мл болатын, көп рет қолдануға арналған, жеке кіріктірілген көбік резервуары болуы керек. Бұл көбік түзетін затты судан бөлек сақтап, тек қажет кезде қолдануға мүмкіндік береді.
Су баллонының көлемі кемінде 10 литр болуы тиіс.
Габариттік өлшемдері (Е х Т х Б): 297 х 279 х 572 мм аспауы керек.
Жүйенің жалпы салмағы: толық толтырылған күйде 26 кг аспауы, бос күйінде 15 кг аспауы тиіс.
Көбікті мөлшерлеу: сығылған ауа баллоны іске қосылған кезде 0,5 %, 1 % немесе 3 % концентрациядағы көбіктүзгішпен премикс дайындау мүмкіндігі болуы тиіс.
Көбіктің түрлері:
Ылғалды сығылған ауа көбігі
Құрғақ сығылған ауа көбігі
Ағын жылдамдығы:
Ылғалды көбік үшін – 9 бар қысымда 11 л/мин аспауы тиіс
Құрғақ көбік үшін – 9 бар қысымда 9 л/мин аспауы тиіс
Жұмыс ұзақтығы:
Ылғалды көбікпен – кемінде 55 секунд
Құрғақ көбікпен – кемінде 70 секунд
Сығылған ауа баллоны: көлемі 1 литрден аспауы тиіс, қысымы 300 бар.
Су ағынының қашықтығы – кемінде 12 метр,
Ағыстың биіктігі – кемінде 8 метр болуы тиіс.
Жоғары қысымды резеңке шланг: диаметрі 10 мм-ден аспауы, ұзындығы 150 мм-ден аспауы тиіс.
2. Holmatro PCT-50 автономды авариялық-құтқару комбиқұралы, саны – кемінде 1 дана.
Құрал төтенше жағдайлар кезінде авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге арналған. Құрал кесу, қысып ұстау және ажырату (разжимание) функцияларын біріктіреді.
Басқару тұтқасы құралдың артқы бөлігінің ұшында орналасқан, автоматты түрде бейтарап күйге оралатын айналмалы механизм арқылы кез келген жағдайда оңай басқаруға мүмкіндік береді.

Тұтқаның ұзындығы кемінде 75 мм, бұл оператордың құралды саусақпен емес, толық алақанымен басқаруын қамтамасыз етеді.
Аккумулятор құралдың өзінде орналасқан, бұл оны құтқару операциясы кезінде тез ауыстыруға мүмкіндік береді.
Басқару тұтқасы екі жылдамдық режимімен жабдықталған – жоғары және төмен жылдамдық режимін кез келген сәтте таңдауға болады.
Құралдың гидравликалық сорғысының ағыны және сәйкесінше жылдамдығы құрал ішіндегі мехатрондық жүйе арқылы автоматты түрде реттеледі, бұл қысым сатылары арқылы емес, нақты жүктеме кезінде максималды өнімділікті қамтамасыз етеді.
Құралда автоматты іске қосу/тоқтату функциясы бар: пайдаланылмаған кезде немесе максималды қысымға жеткенде, энергияны үнемдеу мақсатында қозғалтқыш автоматты түрде сөнеді. Құралды іске қосу үшін басқару тұтқасын бұру жеткілікті.
Құрал 220 В айнымалы ток көзінен қуат алуға мүмкіндік береді.
Температураны бақылау жүйесі құрал мен аккумулятордың қызып кетуін болдырмау үшін олардың температурасын қадағалап, реттеп отырады. Құрал өте жоғары температура жағдайларында жұмыс істей алады, бұл жағдайда энергия тұтынуы азаяды, бірақ өнімділік сақталады.
Құралдың максималды жұмыс қысымы қызмет мерзімі ішінде өзгермес үшін, ол механикалық клапан арқылы емес, қысым датчигі негізінде жұмыс істейтін электрондық басқару жүйесімен бақыланады және шектеледі.
Аккумуляторды құралдың өзінде зарядтау мүмкіндігі болуы тиіс. Құрал мен зарядтау кабелі жылдам әрі жеңіл жалғанатын магниттік қосқышпен жабдықталуы тиіс.
Зарядтау құрылғысы құралдағы аккумуляторды және қосымша аккумуляторды ауыстырмай-ақ зарядтауға мүмкіндік береді.
Құрал мен аккумулятор су астында қолдануға жарамды болуы тиіс.
Жарықдиодты индикаторлар құралда, аккумуляторда және зарядтау құрылғысында орналасып, температура, заряд деңгейі, құралдың күйі, максималды қысымға жету туралы ақпаратты көрсетіп тұрады.
Құралды тасымалдауға арналған тұтқа құралды кез келген жағдайда ұстауға мүмкіндік беру үшін барлық құралды қамтуы тиіс. Ол өте берік әрі серпімді жоғары сапалы материалдан жасалған, бастапқы қалпына өздігінен қайтып отырады.
Жұмыс қалақтары (пышақтары) **жоғары сапалы аспаптық болаттан** жасалуы тиіс. Комбиқұралдың қалақтарының ішкі жағында орналасқан **екі ұстап қалатын тіс** кесу кезінде материалдың сырғып кетуін болдырмайды.
Қалақтар **жасырын бастиекті болт пен гайка арқылы тікелей қысу** арқылы біріктірілуі тиіс. **Гайканы тарту күші – 50 Нм.**
Техникалық сипаттамалар:
Максималды жұмыс қысымы – 720 бар
Ажырау кезінде қалақтардың ашылуы – 380 мм
Кесу үшін қалақтардың ашылуы – 320 мм
Наконечниктен 25 мм қашықтықта ең төменгі ажырату күші – 43 кН / 4,4 т
Ең жоғары ажырату күші – 1860 кН / 189,7 т
Ең жоғары сығу күші – 87 кН / 8,9 т
Ең жоғары кесу күші – 670 кН / 68,3 т
Толық жүктемеде 1 метр қашықтықтағы дыбыс деңгейі – 73 дБ(А)
Толық жүктемеде 4 метр қашықтықтағы дыбыс деңгейі – 64 дБ(А)
Қолданылатын гидравликалық май – ISO-L HV VG 36 стандартына сәйкес
Аккумулятор сыйымдылығы – 8 А/сағ
Гидравликалық майды қоса есептегендегі салмағы – 20,4 кг
Өлшемдері (Ұз. х Ен. х Би.) – 898 х 268 х 273 мм
IP57 шаң мен ылғалдан қорғау класы – су астында жұмыс істеу мүмкіндігі бар
Құрал диаметрі 36 мм-ге дейінгі дөңгелек болат өзекті кесуге қабілетті
Құрал EN 13204 стандарты бойынша CK43/380J-20.4 классификациясына сәйкес келеді
Құралдың кесу мүмкіндігі EN 13204 сертификаты бойынша 1J, 2J, 3K, 4K, 5K кластарға сәйкес

NFPA 1936 стандартының талаптарына сай
Құралдың кесу мүмкіндігі NFPA 1936 сертификаты бойынша A7, B8, C8, D8, E8, F3 кластарға сәйкес.

Құралмен бірге жеткізіледі:

Заряд деңгейінің индикаторы бар литий-ион аккумуляторлық батарея – 2 дана
220 В қуат көзіне арналған зарядтау құрылғысы – 1 дана
12–24 В көзіне арналған зарядтау құрылғысы – 1 дана
Құралдың өзінде батареяны зарядтауға арналған магниттік қосқышы бар кабель – 1 дана.
"Holmatro T1" авариялық-құтқару құралы – кемінде 1 дана.
Электрлік топтық шам, зарядтау құрылғысымен – кемінде 2 дана.
Жеке шам, зарядтау құрылғысымен, кемінде – 6 дана
Балта – кемінде 1 дана.
30 метрлік өрт сөндіру-құтқару арқан – кемінде 1 дана.
Диэлектрлік төсеніш 750x750 мм – кемінде 1 дана.
Диэлектрлік қолғаптар – кемінде 1 жұп.
Диэлектрлік бәтеңкелер – кемінде 1 жұп.
Сым кесуге арналған қайшы – кемінде 1 дана.
Тіреуіш бұғалық (қолдаушы төсем) – 2 дана.
Күрек (штык түріндегі) – 1 дана.
Өрт сөндіргіш ОП-5 – 1 дана.

Басқа жабдықтар:

Авариялық тоқтау белгісі – кемінде 1 дана.
Шасси өндірушісінің тізіміне сәйкес құрал-саймандар мен керек-жарақтар жиынтығы – кемінде 1 жиынтық.
Автокөлікті жөндеуге арналған құрал-саймандар жиынтығы – кемінде 180 құрал
Дәрі қобдишасы.
Буксирлеу арқан, ұзындығы 4 м – 1 дана.
Қосалқы дөңгелек (дискісімен) – 1 дана.
Зауыт өндіруші ұсынған өлшемдегі қысқы автодөңгелектер жиынтығы (4 дана) – 1 жиынтық.
Домкрат, жүккөтергіштігі кемінде 5 тонна – 1 дана.

ҚР СТ 1863-2020 сәйкес жапсырмалар

Негізгі түс		Қарама қарсы түс	
Түс атауы	Түс нормасы	Түс атауы	Түс нормасы
Қызыл	9, 11 42, 43, 44	Ақ	Жоқ
1)лак-бояу материалдарының түсті үлгілерінің картотекасы бойынша түс нормасы (Қазақстан Республикасының өлшеу құралдарының мемлекеттік тізілімінде тіркелген) 6) төтенше жағдайлардың алдын алу және көмек көрсету көлік құралдарында және азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде қызғылт сары декоративті жолақтың симметрия осі бойында қосымша көк жолақ, түс нормасы 451, 452, ені сәндік жолақтың енінен 1/3 бөліктен аспайтын жазылады.			

* Өрт сөндіру бөлімінің нөмірі, қала атауы, автомобильдің әріптік-цифрлық белгісі, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің эмблемасы; * Эмблемалар мен жазулар жарық қайтаратын материалдардан жасалып, жазылуы және ҚР СТ 1863-2020 "Б" қосымшасында келтірілген талаптарға сәйкес келуі тиіс;

Шарттар:

Автокөлікпен бірге келесі ілеспе және пайдалану құжаттамасы жеткізілуі тиіс:

Автокөлікті жергілікті атқарушы органдарда тіркеуге қажетті құжаттар тізбеге сәйкес, оның ішінде:
Қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастыру төлемінің толық төленгені туралы құжат
Сәйкестік сертификаты

Өзін өзі жүретін машина паспорты (ПСМ) – түпнұсқасы және нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе тауар-көлік жүкқұжаты
Инвойс (шот-фактура), сатып алу-сату шарты, және ішкі істер органдарының талап етуі бойынша басқа да құжаттар
Ұсынылып отырған автокөлікке қойылатын техникалық талаптарды өндіруші зауыттан растайтын құжат
Автокөлікке арналған пайдалану нұсқаулығы, сервис кітабы
Ілеспе және пайдалану құжаттамасы мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ұсынылуы тиіс.
Жеткізуші тауарды жеткізу кезінде ұсынылып отырған өнімге өндіруші зауыт берген кепілдік растауын ұсынуы тиіс.
Жеткізілетін тауар жаңа болуы тиіс, бұрын пайдаланылмаған, жөндеуден кейін қалпына келтірілмеген, көрмелік үлгі болмауы тиіс.
Тауарды жеткізу – Тапсырыс берушінің мекенжайына дейін, Жеткізушінің күшімен және көлігімен жүзеге асырылады.
Кепілдік мерзімі – кемінде 12 ай.
Жеткізу мерзімі: Шарт Қазынашылық органдарында тіркелген күннен бастап 30 күнтізбелік күннен аспау.
Жеткізу орны: Алматы қ., Байзақов к-сі, 300.

Бастықтың міндетін уақытша атқарушы **Директор**

_____ **Д.М. Ермагамбетов** _____ **Р.А. Рустамов**